


РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

XV ғасырдағы американдық
империялар





Кіріспе

XV ғасырда Ацтек пен Инка империялары Америкадағы бұрынғы мемлекеттерге қарағанда территориясы, бірлігі және әскери табысына қарай үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Екі империяның әскерлері өздерінің мультиэтникалық халқын стратегиялық билеу үшін бекіністер салып, жолаушылар желілері арқылы хабар таратушылар мен мемлекеттік шенеуніктердің бір елді мекеннен екінші елді мекенге жылдам қатынауы арқасында байланыстырған.

Жаулаулар, алымдар және сауда салығынан жиналған байлық: Мексика аңғарындағы Теночтитлан және Перудың оңтүстік-шығысындағы Куско (Кузко) өрендеуін қамтамасыз етуге жұмсалды. Ежелгі римдіктер сияқты, екі империяның да билеуші таптары өздерінің табыстарын құдайлардың еншісінен деп санаған.

Ацтектер мен инкалар елеулі айырмашылықтарды да көрсетті. Ацтектердің билеушілері өздері басқаратын топтарға өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, ең бастысы алымды уақытында төлеп тұруын талап етті. Сонымен қатар алым жұмыс күші ретінде емес, материалды тауар ретінде берілуі қажет етілді. Империя, ең алдымен, оккупациялық күш емес, тәртіпсіздік пен көтерілістерге қарсы тұратын күш – Ацтек әскері бар қала-мемлекеттер конфедерациясына ұқсады.

Инка мемлекеті, керісінше, орталықтандырылған, бюрократиялық үкіметті дамытты. Жергілікті қауымдастықтар өздерінің мәдени ерекшеліктері мен жергілікті автономиясын сақтағанымен, Құдай патшасының билігінің өкілдері – Инка шенеуніктеріне тікелей бағынды. Сондай-ақ, Ацтектерден айырмашылығы, Инка мемлекеті ең алдымен алымдарды қоғамдық жобаларды жүзеге асыру кезінде, мыңдаған ерлер мен әйелдерді қоғамдық жұмыстарға жұмсау арқылы алатын болды.

Ацтек мемлекетінің негізі, XII және XIII ғасырларда Толтек мемлекеті ыдыраған соң, орталық Мексикада шоғырланған қарақшы топтардың бірі – Мексикамен қаланған. Көптеген Науа топтарының тарихы ортақ, яғни солтүстікте орналасқан Ацтлан деп аталатын мифтік орынмен байланысты болып келеді.

Бір кездері Науалар Ацтланды тастап, Мексика аңғарына қоныс аударды. Науа тіліндегі Ацтек есімі жоқ және империяны құрған Мексикалықтар өздерін Ацтектер деп атамаған.

Кейінгі ғасырларда жиналған хроника бойынша Мексика шамамен 1250 ж. аңғарға келгенде, осы жердегі Науа топтары қалалар мен басқа да құнарлы жерлерді иемденген болған. Демек, олар әртүрлі қалаларға жайғасып, өздерінің еңбек күшін ұсына отырып, көшіп келуге рұқсат алған. Соған қарамастан, Мексика еркектері өздерін білікті және қатал легионер жауынгер беделіне ие болды.

1325 ж. олар аңғар ортасындағы Тескоко көліндегі екі тасты аралда өз үйлерін салуға мүмкіндік алды. Кейіннен аралдар маңызды нарықтық орталықтарға айналып, XIV ғасырда Мексика елді мекендері, біртұтас аралдың екі жағында Тлателолько және Теночтитлан қалалары гүлдейді.

Бұл егіз қалалардың халық саны өсіп, екі ғасыр бойы Науаның басқа қалаларын алаңдатты. Екі қала өз ресурстарын оңай кеңейте алмады. Себебі олар Аскапоцалько деп аталатын үлкен қалаға алым салық төлеп тұратын. Оның билеушілері оларды чинампалар мен сужетектерді салуға рұқсат бермеді. Бұл қиыншылықтарға төзбеген Мексика Тескоко мен Тлакопан қалаларымен одақ құрып, Аскапоцалькоға соғыс жариялайды.

Олар 1428 жылы жеңіске жетіп, империялық кеңейтудің одан әрі дамытуды жөн көрді. Келесі алты ұрпақ ішінде «Үштік Одақ» (егіз қала және олардың екі әріптесі) Мексика аңғары мен айналасындағы даланың көпшілік бөлігін бағындырып, ақырында Мексика шығанағынан Тынық мұхитына дейін созылған империяны құрды. XVI ғасырдың басына дейін «Үштік Одақ» немесе қазіргі уақытта танымал «Ацтектер» 3,3 және 6,4 миллион адамға үстемділік етті.

Алымдарды жинау мен басқару жүйесі. Алым-салықты жинаушы империя ретінде Үштік Одақ оған бағынышты қала-мемлекеттерге өз жерлері мен жергілікті басқарушыларын сақтауға рұқсат берсе де, тоқыма, киім, құрал-саймандар, асыл тастар, азық-түлік өнімдері, жануарлардың терілері, ағаштар мен құлдар түріндегі жыл сайынғы салық төлеуді міндеттеді. Әдетте, бұл алымдарды жеке үйлер мен жеке тұлғалар емес, қала тапсыратын.



Арнайы салық жинаушылар империяны аралап, міндеттемелердің жүзеге асуын қадағалады. Империяның көптеген бөліктерінде, қарапайым халық бұл лауазымды адамдарды Үштік Одақтың жалғыз өкілдері ретінде көрген, өйткені ол кезде орталықтандырылған әкімдік немесе сот жүйесі болмады.

Жалпы ереже бойынша, коммуналдық өзін-өзі басқару дәрежесі Мексика алқабынан қашықтығына қарай өсті. Көптеген шегаралардағы қоғамдар ешқандай алымды төлемеді, бірақ империя соғысуға мәжбүр болған кезде, қорғандың бірінші желісі ретінде қызмет ететін.

Ацтектер дипломатия мен соғыс құралдарын қолдана отырып басқарды. Қаланы жаулап алу үшін армия жіберместен бұрын, Ацтектерге қосылу ұсынысымен елшілерді сыйлықтар мен басқа да заттарды беру үшін жіберді.

Көптеген жағдайларда мақсатты топтар, елшілермен келіссөздерден кейін жыл сайынғы төмен салық мөлшерін беруге келіскен соң, тез арада келісті. Шетелдік билеуші қосылуға бас тартқан жағдайда ғана, «Үштік Одақ» шабуылдаған. Сонда өзінде, шабуылдаушылар территорияны қосып алуды мақсат етпеді, бірақ жеңіліске ұшырағанын мойындағанға дейін соғысқан.

Үштік Альянс бекіністер құрып, империяның бойында гарнизондар тұрғызды. Бұл посттар жергілікті көтерілістерді болдырмау, шабуылдардан шегараларды қорғау, қалааралық сауда жолдарының қорғалуын қадағалады.

Тиісті коммуникация жүйесі орталық қалалармен шеттегі аймақтарды байланыстырып тұрды. Елордалықтар мен әскер командирлері арасында хабарды жеткізу үшін, негізгі жолдар бойынша тұрақты хабар тасымалдаушылар орналастырылды.

Егіз қалалар. Алымдар мен сауда ағыны Үштік Одақтың қалаларының, әсіресе, Мексикадағы егіз астанасы Теночтитлан және Тлателолько қалаларының гүлдене түсуіне әсерін тигізді.

Тлателолько жетекші сауда орталығына айналды. XVI ғасырдың басында испандық конкистадор Эрнан Кортес Мексико аңғарына кіргенде, екі қала біріккен болды.

XV ғасырда Теночтитлан және Тлателолько тез өсіп, испандықтар келгенше, халқы 250 мыңға жетті. Мексика билеушілері құрылыс жобаларын қаржыландырып, сужетектер мен көпірлер санын көбейтіп, храмдар мен ғибадатханалар құрды.

Орталық алаңда қиылысатын екі перпендикулярлық жол, Теночтитланды төрт төртке бөліп, әрқайсысының өз қасиетті маңызы болды. Қаланың орналасуы Ацтек космологиясын көрсетеді. Тұрғындар әлемді төрт бөлікке бөлді. Орталықта үлкен тау тұрды. Ол жерден аспанға созылған үлкен ағаш көтеріліп, ол планетаның төңірегіне оранған төбені қорғайды деп саналды.

Ортағасырлық христиандар сияқты, ацтектер көп қабатты аспан мен жер асты әлемі бар деп есептеді. Археологтар Теночтитланның төрт бөлігі жердің бөліктерін бейнелейді және Ұлы Храм орталық тау болып саналған деп есептейді. Көптеген артефактілер мен адам сүйектерін қамтитын храмның үңгірлік көрінісі жер асты дүниесі – өлгендердің жерін білдірді.

Ұлы храм пирамидалық пішінді және платформа мен екі тас үйге апаратын тік сатысы болды. Бұл құрылымдардың әрқайсысы Құдайдың үйі болатын.

Олардың бірі жаңбыр құдайы – Тлалок, жазда және күзде қалаға үстемділік етіп, егістік жиналған кезде ылғал айларды әкелді. Екіншісі – Мексика патронының құдайы Уицилопочтли, қыста және көктемде фермерлер өз алаңдарын тастап, соғысқа аттанған кезде биледі. Дәстүр бойынша, Уицилопочтли Ацтектерді Ацтланнан Мексика аңғарына дейін қоныс аударуға, содан кейін Теночтитланның негізін қалауға нұсқау берген.

Ұлы храмдағы үйлер төбесінен, екі құдай орталық базарды қадағалады. Базар мен храм бір жерде орналасқаны кездейсоқтық емес. Мезоамерикандық басқа халықтар сияқты, Мексикалықтар да, құдайлар, адамзат билеушілері сияқты, материалдық құндылықтармен қамтамасыз етілуін, киінуін және тамақтануын қалады деп сенді. Осылайша, базар, нарық ретінде де, құдайларға құрбандық беру қасиетті орыны ретінде де қарастырылды. Сауда мен дін бір-бірінен ажыратылмады.

Инкалар. Кітап авторларының мәліметтеріне сәйкес, XIII ғасырдың ортасында Уари империясының құлдырауынан кейін, Орталық Андылық таулы аймақта саяси орталықсыздандыру кезеңі орын алды. Жергілікті фермерлер мен лама малшылардың қауымдастықтары жер, су және азық-түлік үшін, әсіресе, құрғақшылық жылдары күреске түсіп отырды.



Бұл ауыл тұрғындары түрлі тілдерде, соның ішінде Кечуаның диалектілерімен сөйледі. Кішкентай Кечуа тобы – Инка, ескі Уари астанасының оңтүстік-шығысындағы таулы аймақта бірнеше шашыраңқы ауылдарды мекендеген. 1430 жж. олар көршілерімен соғысқа түсіп, келесі ғасырда Оңтүстік Америкада болмаған ірі және саяси дамыған империяны құрды.

Үш мың мильге созылған империя. Ауызша таралған тарихи деректерге сәйкес, Инка империясының кеңеюі 1425 жылы шетелдік топтың Кузкоға қауіп төндірген кезде басталды. Қорыққан Инка мен оның мұрагері қаладан қашып, ал кішкентай ұлы соғысуға қалған.

Бұл жігіттің басқыншыларын жеңіп, өз әкесі мен інісі қорқып, тақтан бас тартқанын айтып, жаңа үкіметті жариялайды. Корольдік Пачакути немесе Әлем Сілкіндірушісі деген атауды алып, жаңа монарх таулы аймақтардың солтүстік және оңтүстік бөліктеріндегі көршілес халықтарды басып алуға кірісті.

1471 ж. ол қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Тупак Юпанки кеңейтуді жалғастырды. XVI ғасырдың басында Инка империясы заманауи Эквадордың тауларынан қазіргі Чилидің ортасына дейін созылып, халық саны 6–13 миллион адамға дейін жетті.

Мексикалықтар сияқты, Инка өздерінің билігін дипломатия мен зорлық-зомбылықтың тамаша комбинацияларына негіздеген. Бастапқыда олар жергілікті князьдарға сыйлықтарды марапаттап, оларды күрессіз қосылуға шақырды.

Чанкамен соғыс кезінде Пачакути жүгері, картоп, чили, бұршақ, квиноа, ет сияқты азық-түлік қоймаларына тап болады. Ол осы тауарларды, басқа құнды тауарларға және саяси жақындасу үшін, әсіресе құбылмалы Андылық ауа райы жағдайында, алмастыруға болатынын түсінді.

Ол көршілес топтардың билеушілерін Кузкоға шақырып, оларды әдемі мерекелермен, алтын, зергерлік бұйымдар мен басқа сән-салтанатпен тойдырады. Бұл келуші князьдар өздерінің сыйлықтарын алып келіп, бір-бірімен әйелдермен алмасып, элиталық отбасылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтты. Осы стратегиялардың арқасында көптеген Анды халықтары инкаға тәуелді болып, әлсіз одақтастар ретінде саналды.

Инканың достасу ұсынысына қарсы болған топтар, Гуарко халқы сияқты қасіретті көрді. Оқшауланған аңғарда өмір сүріп, өз қаласын тас қабырғамен қоршаған Гуарко халқы, төрт шабуылға төтеп берсе де, соңында жеңілуге мәжбүр болды. Басқыншылар Гуарко жауынгерлерінің денелерін қалалық қабырғаларға асып өлтірген. Инка билеушісі Гуарконың жерінің басым бөлігін тәркілеп, империяның басқа бөліктерінен келген отаршылдарға таратқан.

Анд тау алқаптарын жаулап біткен соң, Инка Чиму мемлекеті мен оның ірі астанасы Чан Чанға көз тікті. 1470 ж. Инка армиясы қаладан Моче өзені бойынша жоғары орналасқан аңғарға қоныс аударып, оған тосқауыл қойып, қалаға суару қатерін төндірді.

Бұл қауіп Чан Чанның капитуляциясын мәжбүрлеу үшін жеткілікті болды. Инка армиясы Чиму патшасын тұтқындап, мыңдаған қала тұрғындарын Кузкоға көшуге мәжбүрледі. Чиму штаты біртіндеп ыдырап, оның өнері Инка қолөнері және стиліне елеулі әсерін тигізді.

Мемлекет құрылымы. «Панорама» оқулығының деректері бойынша, Инка Ацтектерге қарағанда, қатаң иерархиялық және орталықтандырылған мемлекет құрды, бірақ олар жергілікті өзін-өзі басқарудан да бас тартқан жоқ. Олар империяны төрт аудандық әкімшілік секторға бөліп, олар Куско орталығында орналасқан Аукайпатадан корольдік жолдармен бір-бірінен бөлінді.

Төрт патшалық сектор одан әрі провинциялар мен кішігірім аудандарға бөлініп, олардың әрқайсысы Кузко элитасына бағынатын губернаторлармен басқарылды. Олар ресми өкілдік алымдарды жинауға жетекшілік етіп, мемлекеттік діни рәсімдерге төрағалық етті. Жергілікті қауымдастықтардың дәстүрлі билеушілері, қарсылық көрсету немесе бүлік жасау жағдайлары болмаса, өз атауын мен билігін сақтап қалды.

Олар Инка билігін мойындап, өз жерлерінің үштен бір бөлігін беруге мәжбүр болды. Олар күннің құдайы мен басқа құдайларға құрмет көрсету үшін, оның ішінде қасиетті уақаға құрбандықтар мен діни қызметкерлер мен осы храмдарды қараушы қызметшілерді қолдауға өз жерінің тағы үштен бір бөлігін бөліп беруге тура келді. Қалған үшінші бөлігі – көбінесе ең құнарсыз және қолжетімді жер фермерлердің және жергілікті халықтың жайылымдарына арналды.

Жауланған қоғамдар салықты көбінесе еңбекпен төледі. Ерлер мен әйелдер әскерге немесе храмдар, қоймалар, бөгеттер, жолдар салуға, немесе суару жұмыстары шақырылуы мүмкін болды.



Уари мен Чимудің үлгісіне негізделген бұл еңбек жобасы «мита» деп аталды. Мемлекет бұл тоқпа ақсүйектер отбасыларында қызмет етуге бұйрық бере алады. Әйелдер киім-кешектерді тігіп, тамақ пісіріп және жүгері сырасын дайындаған, олардың кейбірі діни рәсімдерде де қолданылды.

Ресми тұлғалар сегізден он екі жас аралығындағы қыздарды Кузкодегі негізгі храмында беделді қызметі ету үшін шақырды. Олардың өндірістік және еңбек қажеттіліктеріне байланысты, үкімет белгілі бір қауымды империяның бір бөлігінен екінші бөліміне мәжбүрлеп көшіруге де құқығы болды.

Шын мәнінде, мемлекеттің саясаты империяның қоғамы мен мәдениеттің біркелкілендіруге бағытталды. Жаңа ауданды басып алған кезде, шенеуніктер ол жерге басқа аймақтардан халықты көшіп-қонуға мәжбүр етіп, оларды жергілікті тіл мен әдет-ғұрыптарды қабылдамай, империялық тіл – Кечуада сөйлеуге мәжбүр етті.

Коммуникация мен көлік жолдары. Инка империяны Ацтектерге қарағанда тығыз ұйымдастырылған коммуникациялық жүйе арқылы бақылауда ұстап және техникалық тұрғыдан ең күрделі Афроеуразиялық империяларға ұқсас болды.

Бұл жүйе үш негізгі құрамдас бөлікке ие болды: жазба жүргізу, жолдар және эстафеталық жүгірушілер. Инка хабарламаларды бұрынғы Вари империясында қолданылатын құрылғы «кипу»-де сақтады. Бұл қайталама сымдардың бір-біріне бекітілген тізгіні еді.

Осы сымға бекітілген басқа түйіндер мен түрлі түсті жолдар топтардың, жерлердің, материалдық заттардың немесе сандық мәндердің атауларын білдірді. Біз білетініміздей, «кипу» ең алдымен қоймалар қорларын сақтау және салық төлемдері мен еңбек квоталарын тексеру үшін пайдаланылды.

Инка қоғамының әр бөлімі: провинциясынан жеке үйге дейін, тауарлар мен қызметтер жазулы кипу болған. Тарихшылар бұл жолдар, түйіндер мен хабарлар жүйесі ауызша тарихты және мәдени мұраны сақтау үшін де қолданылған деп санайды. Өкінішке орай, заманауи ғалымдар әлі күнге дейін қайбір кипуды «оқыға» мүмкіншілігі тумады.

Инка байланысының екінші компоненті – барлық ірі қалалар мен бекіністерді елордамен байланыстыратын жолдар мен көпірлер желісі. Империяның алғашқы онжылдықтарында мемлекет Уари мен Чиму халықтары салған жол жүйесін кеңейтіп, дамытты. Осы уақытта, Инка жол желісі 25 000 мильден астам қашықтыққа созылды. Ені отыз бес футқа жететін екі негізгі жол империяның ұзындығын одан әрі ұлғайтты.

Байланыс жүйесінің үшінші элементі – эстафеталық жүгірушілердің корпусы. Олар хабарламаларды бір қаладан немесе поштадан екіншісіне тәулігіне 24 сағат бойы, жылдың әрбір күнінде жеткізіп тұрды.

Жол станциялары негізгі жолдар бойымен тұрақты аралықта орналасып, арнайы дайындалған курьерлер хабарламаларды келесі станцияға жеткізуді сақадай сай тұрды. Әдетте, бір курьер 4–6 миль жүгірді. Сондықтан эстафеталық команда бір күн ішінде 155 миль аралықтағы хабарды жеткізе алды. Жол станциялары барлық саяхатшылар үшін қоймалар мен қонақ үйлер ретінде қызмет етті.

Елорда. Инка дәстүріне сәйкес, Пачакути Королі Кузко қаласын толықтай жаңартты. Оның қалалық көрінісін көрсетуге арналған саздан жасалған үлгісі салынып, ол жаңа құрылысты бастады. Бұл жұмыс шамамен жиырма жылға созылып, отыз мың мита жұмысшы қажет етті.

Бүгінгі күнге дейін аман қалған бірнеше қалалық қабырғалар көрнекті тас қалау өнерін көрсетеді. Жұмысшылар тастарды бір-біріне қысып қойғаны соншалық, ешбір ерітіндіні қолданбаса да, арасынан сабан өтетіндей тесік болмады.

Күннің храмы – ірі Аукайпата плазасы төрт империялық жолдың қиылысында орналасты. Инка мен патшалық кландардың тұрғылықты жері мен өлген және мумияланған патшалары плазаның жанында орналасты.

Жақында осы жерде қызмет еткен қыздар орналасқан жатақханаға ұқсас ғимараттар болды. Негізгі ғимараттан ары қарай, жеке үйлер, қонақ үйлер, мектептер, қоймалар және бақтар орналасты. Инка билігінің шарықтау шегінде, Кузко 100 мыңға жуық тұрғыны болған.

Провинциялық аристократтар да жыл сайын бірнеше айда Кузко қаласында келіп тұруға тура міндетті болды. Бұл ауқатты адамдар қаланың шетінде өз қосылыстарын салып, жүздеген отбасы мүшелерін, клиенттерін және қызметшілерін әкелген.



Олардың ұлдары мемлекеттік мектептерге барып, олар білмеген болса, Кечуа тілін үйренді. Түрлі Афроеуразиялық монархиялар сияқты, Инка билеушілері осы стратегияны провинциялық элиталармен жақындасып, олардың орталық мемлекеттен тәуелсіздік алуға үміті жоқ екеніне көз жеткізіп отырды.

Шарықтау шегі мен құлдырауы. XVI ғасырдың басында Инка империясы керемет интеграцияланған мемлекет болды. Облыс әкімдері мен мемлекеттік қызметшілер Кузкоға тікелей бағынды. Жергілікті фермерлер мен малшылар өздерінің тілдері мен әдет-ғұрыптарын сақтап қалса да, аристократ отбасылары Кечуаны үйренді. Мемлекет жергілікті діни нанымдар мен ғибадатқа шыдамдылық танытса да күн тәңіріне табынуға ынталандырды. Провинциялық ақсүйектер құрметпен қабылданса да, мемлекеттен тәуелсіздігі болмады. Үкімет азық-түлікті сақтап, ашаршылық кезінде оны халыққа таратты, бірақ шаруалардан «мита» жұмысшыларын тамақтандыруды талап етті.

Соған қарамастан, саяси және әлеуметтік шиеленістер империяны ыдыратты. Провинциялардағы жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасында қақтығыстар жиі болып тұрды. Инка әскері солтүстік және оңтүстік шегараларда қатты қарсылыққа кезікті.

Империя кеңеюдің практикалық шегіне жақындағанда, мемлекет өзінің территориясындағы халықтан алым-салықты көбейтуді талап етіп, жергілікті фермерлер мен олардың губернаторлары арасындағы қақтығыстарға әкеліп соқтырды.

Өлі патшаларды құрметтейтін күшті отбасылар байлық пен ықпал үшін бір-бірімен шайқасты. Егер тірі Инка әлсіз болып көрінсе, бұл бәсекелестік азаматтық дау-дамайға нұқсан келтіруі мүмкін еді.

1528 ж. патша Уайна Капак қайтыс болғанда, екі бәсекелес ұлы оның орнын алу үшін азаматтық соғыс бастады. Бұл ұлдардың бірі жеңіске жетсе де, бірақ Франциско Пизарро мен испандық қарулы армия тобы кенеттен келген кезде саяси шиеленіс әлі де болса жалғасып жатқан еді.

Қорытынды

Американдық зерттеуші ғалымдардың тұжырымына сәйкес, XVI ғасырдың басында Мезоамерика мен Оңтүстік Американың ірі аудандары күрделі саяси және экономикалық жүйелерде біріктірілген болды. Ацтек пен Инка империялары осы уақыттың Афроеуразиялық мемлекеттерінің көптеген белгілерін көрсетті. Олар инженерлік, қалалық жоспарлау, салық жинау және кәсіби әскери ұйымдастыруды меңгерді.

Олар христиандық, буддизм және ислам сияқты өз наным жүйелерін толықтай дамытты. Толық жазу жүйесінің жетіспеушілігіне қарамастан, олар тарихи-мифологиялық дәстүрлерін ауызша таратып, өздерінің жеке басы мен империялық әрекеттерін ақтады. Темір технологиясы, үлкен үй жануарлар немесе дөңгелектерді қолданатын кез келген көлік немесе құралдары болмаса да, олар ауқымды көлемде адам еңбегін жұмылдыруға және ұйымдастыруға қол жеткізді.

Алайда бұл алып империялар тұрғындары XV ғасырдағы Афроеуразия халқына, айтарлықтай ұқсас еді. Американдықтардың көбісі Афроеуразиядағыдай, аң аулаушы топтарға, фермалық ауылдарға Солтүстік Америка ормандары, Колорадо Үстүрті немесе Амазон бассейніндегі сияқты салыстырмалы түрде шағын қалалық орталықтарға топтасуға тырысты.

900 ж. кейін Америка, әсіресе Солтүстік жартышардағы тарихтың жалпы процесі, жүгеріге негізделген ауылшаруашылығын жылдам кеңейтуге, халықтың өсу қарқынын арттыруға, қаланың көп ғимараттарының құрылуына және қалааралық сауда-саттықты күшейтуге бағытталғанын байқауға болады.

Солтүстік Атлантикалық жылу кезеңімен байланысты циклдық климаттың өзгеруі осы процесі түсіндіруі мүмкін. Бұл ғасырларда Кахокия, Пуэбло Бонито және Тула тәрізді қалалар гүлденген. XIII немесе XIV ғасырдағы жылу циклінің аяқталуы, бұл процесі баяулатып, немесе тіпті кейбір жерлерде тұтастай тоқтатты. Бірақ, әрине, Теночтитлан және Кузкон үлкен қалалары куәландырғандай барлық жерде емес.



Бұл қалалар американдықтардың бұл күнге дейін көрмеген ірі және күрделі саяси жүйелердің астанасы болды. Халық тығыз қоныстанған аудандарда, американдық қоғамдар әлеуметтік кешенділікті арттыру үшін, мысалы, Миссисипи немесе Амазон аңғарларындағы саяси ұйымдастыру мен урбанизацияда үлкен жетістіктерге жеткендігін байқаймыз.

Афроеуразиядан қару мен жылқыларды ғана емес, жаңа тағамдар, шөптер, үй жануарлары мен қауіпті микроорганизмдерді әкелген адамдар Америка континентіндегі басым процесстерге қатты әсерін тигізді. Сондықтан Афроеуразиялықтар Америкаға келмей, Атлантика жағалауының арғы бетінде қалғанда, Батыс жартышарының қоғамдары XVII немесе XVIII ғасырларда қалай дамитынын елестете алмаймыз.